

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі әскери қызметшілерінің әскери киім үлгілері мен айырым белгілері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1997 жылғы 15 қазан N 3673

"Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 2483 Заң күші бар Жарлығының 1-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 3 қаңтардағы N 2742 Жарлығымен және "Қазақстан Республикасы шекара әскерлерінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің және Республикалық ұланның әскери нысандары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 20 қарашадағы N 3228 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы ереженің 11-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі әскери қызметшілерінің әскери киім нысандарының сипаттамалары мен үлгілері, айырым белгілері(суреттері) бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөнінде шаралар қолданатын болсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

1997

жылғы

15

қазандағы

N

3673

Жарлығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі әскери қызметшілерінің әскери киім нысандарының СИПАТТАМАСЫ

1 ТАРАУ

Жоғары офицерлік құрамның киім нысаны

а) Парадтық-салтанатты киім нысаны

- айнала жиегі көк барқын түстес, тігімі мен кокардасы алтын түстес көк барқын түстес фуражка;
 - ашық қаусырмалы өңірлі, көк барқын түстес парадтық мундир, мундирдің жағасындағы тігісі алтын түстес;
 - ашық қаусырмалы өңірлі ашық-сұр түсті парадтық-салтанатты мундир, мундирдің жағасындағы тігісі алтын түстес;
 - кара галстукті ақ жейде;
 - бұлығы тік жолағы көк барқын түстес әдіптелген, балағы сыртқа жіберілген шалбар;
 - парадтық алтын түстес белбеу;
 - ақ түсті қолғап;
 - қысқа қонышты кара (қоңыр) бәтеңке
- / N 1 с у р е т /

б) Күнделікті киім нысаны

- айнала жиегі қорғаныш түстес келген күнделікті қорғаныш түсті фуражка (пилотка), тігісі мен кокардасы алтын түстес;
 - ашық қаусырмалы өңірлі қорғаныш түсті (немесе ілме өңірлі кеудесінде жапсырмалы қалталары бар) кителінің жағасындағы тігісі алтын түстес күнделікті мундир;
 - қорғаныш түстес галстугі бар қорғаныш түсті жейде;
 - кеуде тұсында жабық жапсырма және қапталында сыдырмалы жарма қалталары бар сыдырмалы күрте;
 - бұлығы мен тік жолағы қызыл түспен әдіптелген, балағы сыртқа жіберілген шалбар;
 - қысқа қонышты кара (қоңыр) бәтеңке;
- (N 2 , 3 с у р е т т е р)

Жаздық жеңілдетілген түрі - жеңілдетілген фуражка,галстуксіз қысқа жеңді жейде, балағы сыртқа жіберілген шалбар.

Барлық жинақ жеңілдетілген матадан тұрады:

- қысқа қонышты кара (қоңыр) бәтеңке
- (N 4 с у р е т)

Күн суытқан кездегі жаздық киім нысанында:

- қорғаныш түсті плащ;
 - қорғаныш түсті кашне;
 - қысқа қонышты кара (қоңыр) бәтеңке
- (N 5 с у р е т)

Қысқы күнделікті киім-кешек жиынтығы:

- кокардасы бар қаракөл (құлақшын) бөрік;
- қалыңдатылған қаракөл жағасы бар қаракөл түсті және үш

түймемен ілгектелген, сол жағында үш әрлеуіш түймелері, жабық жарма қалталары бар қаусырмалы өңірлі драп пальто;

- сұр түсті кашне;
 - жылы кара (қоңыр) бәтеңке;
 - жылы кара (қоңыр) түсті былғары қолғап.
- (N 6 с у р е т)

Көктемде және күзде:

- қорғаныш түсті ілме өңірлі күздік драп пальто;
 - қорғаныш түсті кашне;
 - қысқа қонышты кара (қоңыр) бәтеңке;
- (N 7 с у р е т)

в) Далалық киім нысан:

- алабажақ түсті далалық фуражка;
- алабажақ түсті тік пішімді күрте мен шалбар;
- ұзын қонышты далалық бәтеңке;
- ж а б д ы қ т а р .

Қысқы жиынтық:

- қаракөлден тігілген құлақшын-бөрік;
- алабажақ түсті жылы күрте мен шалбар;
- жылы бәтеңке;
- кара (қоңыр) түсті қолғап.

(N 8, 9 суреттер)

2 ТАРАУ

Офицерлер, прапорщиктер және әскери қызметші әйелдердің киім - нысаны:

а) Парадтық-салтанатты киім нысаны

- айнала жиегі және бұлығы көгілдір түспен әдіптелген көк барқын түстес фуражка, әскери қызметші әйелдердің береті көк барқын түстес;

- парадтық-салтанатты көк барқын түсті ашық мундир;
- алтын түстес погондар;
- кара галстукті ақ жейде;
- бұлығы көгілдір түспен әдіптелген, балағы сыртқа жіберілген шалбар, әскери қызметші-әйелдердің юбкасы көк барқын түстес;
- парадтық алтын түстес белбеу;
- қысқа қонышты (бәтеңке) кара бәтеңке;
- ақ түсті қолғап;

б) Күнделікті киім нысаны

- айнала жиегі мен бұлығы көгілдір түсті және өрме бауы алтын түстес, қорғаныш түсті күнделікті (пилотка) фуражка, әскери қызметші әйелдердің береті қорғаныш түсті; - төрт түймеге ілгектелген, кеуде тұсында жапсырма қалталары, қапталында жабық жапсырмалы қалталары, жағасында -

- эмблемасы бар күнделікті ашық ілме өңірлі китель;
 - қорғаныш түстес галстугі бар қорғаныш түсті көйлек;
 - бұлығы көгілдір түспен әдіптелген балағы сыртқа жіберілген шалбар, әскери қызметші әйелдердің юбкасы қорғаныш түсті;
 - кеуде тұсында жабық жапсырма, қапталында жарма сыдырмалы қалталары бар сыдырмалы күрте;
 - қысқа қонышты қара (қоңыр) бәтеңке;
- Жеңілдетілген жаздық түрі:
- жаздық жеңілдетілген фуражка, галстуксіз қысқа жеңді жейде, балағы сыртқа жіберілген шалбар, қысқа қонышты қара (қоңыр) бәтеңке. (N 11, 12, 13 суреттер)

Қысқы күнделікті киім-кешек жиынтығы:

- қырықпа (қаракөл) теріден жасалған кокардалы құлақшын-бөрік (бөрік);
 - қалыңдатылған және қырықпа (қаракөл) теріден жағасы бар, жарма қалталы, қорғаныш түсті драп пальто;
 - қорғаныш түсті кашне;
- (N 11 сурет)

Күн суытқан кездегі жаздық киім нысанында:

- жарты жүн матадан жасалған белдігі бар қорғаныш түсті плащ;
 - қорғаныш түсті кашне;
 - қара (қоңыр) бәтеңке
- (N 15 сурет)

в) Далалық киім нысаны:

- мақта-матадан жасалған алабажақ түсті далалық фуражка;
 - мақта-матадан жасалған тік пішімді алабажақ түсті күрте мен шалбар;
 - мақта-матадан жасалған қара-көк түсті комбинезон;
 - мақта-матадан жасалған қара-көк түсті фуражка;
 - ұзын қонышты бәтеңке;
 - былғары жабдық.
- (N 16 сурет)

- Қ ы с қ ы ж и ы н т ы қ :
- қырықпа теріден жасалған құлақшын-бөрік;
 - жағасы қырықпа теріден немесе жасанды мехтан жасалған жылы күрте мен шалбар;
 - ұзын қонышты жылы бәтеңке;
 - былғары жабдықтар.

(N 17 сурет)

Н 2 қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1997 жылғы 15 қазандағы
N 3673 Жарлығымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі
әскери қызметшілерінің бас киімдері мен киім-
кешектеріндегі погондарының, кокардаларының,
эмблемаларының, жең белгілері мен тігістердің
СИПАТТАМАСЫ**

1 ТАРАУ

Жалпы ережелер

Парадтық, күнделікті және далалық погондар белгіленген. Киім-кешекке бекітілу тәсілі жөнінен олар кадамалы, тігілген, алмасы-салмасы немесе жеңсіздерде болуы мүмкін.

Погондардың бетінде берілген әскери атаққа сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі, бес бұрышты жұлдыздар мен жұлдызшалар, жолақтар, тігістер, эмблемалар орналасады.

**2 ТАРАУ Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметі
әскери қызметшілерінің погондары**

1. Жоғары офицерлік құрамның погондары
 - а) Парадтық погондар

Бетінде алтынмен апталған жіптен ерекше өрілген оқасы бар погондар (қаракөк түсті жібектен тігілген пальтода).

Армия генералының погондарында жалпы әскерлік эмблема өрнектелген, төменірек

алтынға суарылған сым жіппен кестеленіп, диаметрі 40 мм қызыл жібекпен жиектелген

Генералдардың погонында диаметрі 22 мм жұлдызшалар алтынға суарылған сым жіппен кестеленіп, қырлары қызыл жібекпен жиектелген.

(N 1 с у р е т)

Сыртқы көйлекте бұлықсыз погондар болады. Погондардың беті көйлек тігілген матадан, алтындатылған жарқырауықпен кестеленген о қ а н ы ң с у р е т і с а л ы н ғ а н .

Генералдардың погондарындағы жұлдыздар мен эмблемалар мундирге тігілетін погондар тәрізді, бірақ жұлдызшалары жиексіз болады.

б) к ү н д е л і к т і п о г о н д а р

Бетінде қорғаныш түстес ерекше өрнекті жібек оқасы бар погондар (қаракөк түсті пальтода).

Генералдардың погондарындағы бейне, сондай-ақ жұлдыздар, жұлдызшалар мен эмблемалар генералдардың жиексіз погондарындағы т ә р і з д і .

(N 2 с у р е т)

Сыртқы көйлекті погондар мундирдің көйлегіндегідей, погондардың беті күнделікті киілетін көйлектер тігілген матадан.

б) Д а л а л ы қ п о г о н д а р

Бетінде қорғаныш түстес ерекше өрілген жібек оқасы бар погондар. Генералдардың погондарындағы жұлдызшалар жиексіз қорғаныш түстес болып келеді.

(N 3 с у р е т)

2 . О ф и ц е р л е р п о г о н д а р ы

а) п а р а д т ы қ п о г о н д а р

Бетінде алтын түстес металл оқасы бар, көгілдір түстес бұлықтары мен жолақтары б а р п о г о н д а р .

Аға офицерлік құрамның погондарында екі жолақ пен диаметрі 20 мм алтын түстес жұлдызшалар бар. Кіші офицерлік құрамның погондарында бір жолақ пен диаметрі 13 мм алтын түстес жұлдызшалар бар. Погондардағы жұлдызшалардың саны әскери атаққа сәйкес болады.

(N 4 с у р е т)

Сыртқы көйлекте ақ түсті жібек оқалы, көгілдір түстес бұлықтары мен жолақтары б а р п о г о н д а р .

Түймелер мен эмблемалар тиісінше 14x14 мм. және 15x15 мм. нысанды киім-кешектегі т ә р і з д і .

(N 5 с у р е т)

б) К ү н д е л і к т і п о г о н д а р

Бетінде қорғаныш түстес жібек оқасы бар, бұлықтарсыз, көгілдір түсті жолақтары бар погондар.

Погондардағы жолақтар мен жұлдызшалар парадтық погондардағы тәрізді болады.

Сыртқы көйлекте бетінде қорғаныш түстес жібек оқасы бар немесе көйлек тігілген матадан жасалған, бұлықсыз көгілдір түсті жолақтары мен эмблемалары бар погондар. Погондардағы жолақтар, жұлдызшалар мен эмблемалар парадтық погондардағы тәрізді.

(N 6 , 7 , 8 суреттер)

в) Далалық погондар

Қорғаныш немесе алабажақ түстес бұлықсыз және жолақтарсыз киім-кешекке тікелей тігілген погондар, Қорғаныш түстес жұлдызшалар.

(N 9 сурет)

3. Прапорщиктер погондары

а) парадтық погондар

Бетінде жібек оқасы бар көгілдір түсті бұлықсыз погондар.

Погондарда диаметрі 13 мм алтын түстес жұлдызшалар. Погондардағы жұлдызшалар саны әскери атаққа сәйкес болады.

(N 10 сурет)

б) күнделікті погондар

Бетінде жібек оқасы бар қорғаныш түстес бұлықсыз погондар.

Погондардағы жұлдызшалар парадтық погондардағы тәрізді. Сыртқы көйлекте бетінде қорғаныш түсті жібек оқасы бар, бұлықсыз немесе эмблемалары бар көйлектің матасынан жасалған погондар.

Погондардағы жұлдызшалар парадтық погондардағы тәрізді.

(N 11 сурет)

в) Далалық погондар

Далалық погондар офицерлердің погондары тәрізді.

Погондарындағы жұлдызшалар қорғаныш түстес келеді.

(N 12 сурет)

4 ТАРАУ

Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметі әскери қызметшілерінің бас киімдері мен киім-кешегіндегі кокардалар, эмблемалар мен тігістер

1. Генералдардың парадтық және күнделікті фуражкаларындағы кокарда жартылай дөңгеленген пішімді, биіктігі бойынша диаметрі 36 мм. Ені бойынша 28 мм. анодталған

алюминий мен түсті металдардың басқа да қорытпаларынан жасалады, алтын түстес бес бұрышты жұлдыз, кокарданың қырлары шашыраңқы сәуле түрінде жиектелген.

Фуражкалардағы тігіс алтындатылған жалтырауықтан жасалады. Кокарданың екі жағы төрт бұтақшадан кестеленеді.

2. Генералдардың папахасы мен беретіндегі кокардалар жартылай дөңгеленген пішімді, биіктігі бойынша диаметрі 36 мм, ені бойынша 28 мм. Анодталған алюминий мен түсті металдардың басқа да қорытпаларынан жасалады, алтын түстес бес бұрышты жұлдыз, кокарданың қырлары шашыраңқы сәуле түрінде жиектелген - жұлдыздың ортасында сәуле шашқан күнмен оның астында алтын түстес қалықтап ұшқан қыранның айшықты бейнесі орналасқан.

(N 14 сурет)

Фуражкадағы мата-мақта далалық кокардалар нақ осындай нышандармен, бірақ қорғаныш түсті болып жасалады.

3. Офицерлердің, прапорщиктердің парадтық-салтанатты және күнделікті фуражкаларындағы эмблемалары кокардалар алтын түстес қорытпадан бір тұтас ретінде жасалады.

Екі жағынан және астыңғы тұсынан үш бұтақшамен жиектелген кокарда ені созылыңқы, жартылай дөңгеленген пішімді болады. Эмблеманың өлшемі биіктігінен 40 мм, енінен 70 мм.

(N 15 сурет)

4. Генералдар мен офицерлердің парадтық-салтанатты және күнделікті фуражкаларының қатырмасындағы эмблема алтын түстес алюминий қорытпадан Республика елтаңбасының элементтері түрінде жасалады.

(N 16 сурет)

5. Парадтық-салтанатты және күнделікті киім-кешектің жағасындағы тігіс алтын түстес сым жіптен бұтақтар түрінде жасалады. Ұзындығы 75 мм, ені 25 мм.

(N 17 сурет)

6. Генералдардың, офицерлердің, прапорщиктердің парадтық белбеулерінің қапсырмасы түсті металдардың қорытпаларынан жасалып, дөңгелек нысанды болады.

Қапсырманың диаметрі биіктігі бойынша 50 мм, ені бойынша 42 мм.

Генералдардың қапсырмасының ортасында диаметрі 23 мм болатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы салынған. Офицерлерде бес бұрышты жұлдыз. Қапсырма мен ондағы нышандардың бәрі алтын түстес болып келеді.

7. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметі әскери қызметшілерінің нысанды киім-кешегінің түймелерінің диаметрлері, генералдар үшін үлкен 24 мм қалған әскери қызметшілері үшін 22 мм, шағындары 14 мм болып жасалады. Генералдардың түймелерінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы, басқа әскери қызметшілерде ортасында Қазақстан Республикасының нышаны бар бес

бұрышты

жұлдыз

бейнеленген.

(N 19 сурет)

8. Әскери қызметшілердің парадтық-салтанатты және күнделікті киім нысанының эмблемалары 15 мм x 15 мм өлшемді көгілдір жасыл түстес бес бұрышты жұлдыз түріндегі алюминий қорытпасынан жасалады. Оның ішінде сәуле шашқан күн мен астыңғы жағында қалықтап ұшқан қыранның айшықты бейнесі орналасқан. Жұлдыз жалқын сары түстес сұлбамен жиектелген. Киімнің далалық нысанындағы эмблема нақ осындай нышанмен, бірақ қорғаныш түсте жасалады.

(N 20 сурет)

9. Жең белгі көгілдір түстес матаның негізінде жасалады, жең белгінің периметрі бойынша 2 мм, арақашықтықта ені 2 мм болатын ал жалқын сары түстес қырмен көктей тігіледі. Белгінің биіктігі 8 мм, жоғары жағында "ҚАЗАҚСТАН" деген қызыл түсті жазба орналасқан. Белгінің ортасында көгілдір жасыл түстес бес бұрышты жұлдыз орналасқан оның ішінде сәуле шашқан күн мен астыңғы жағында алтын түстес қалықтап ұшқан қыранның айшықты бейнесі салынған. Жұлдыз жалқын сары түстес сұлбамен жиектелген. Жұлдыз сұлбасының ені оны бір қырының ұзындығының 1/10 құрайды. Сол жағынан жоғарыдан төмен қарай периметрі бойынша әріптерінің "ПРЕЗИДЕНТТІҢ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ" деген жазба салынады. Жең белгі парадтық-салтанатты, күнделікті және далалық киім-кешектің сол жеңіне жеңнің жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта тігіледі.

(N 21 сурет).